

## **"Алым" акционерлік қоғамы туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 4 сәуір 1995 ж. N 405

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шаруашылық Басқармасының ШБ ұйымдары - құрылыс-монтаж басқармасының, N 2 автомобиль шаруашылығы мен өндірістік базаның мүлкі негізінде ашық типті "Алым" акционерлік қоғамын құру туралы ұсынысы қабыл алынсын.

2. "Алым" акционерлік қоғамның акцияларын бөлудің мынадай тәртібі бекітілсін:

10 проценті - "Алым" акционерлік қоғамның құрылуына негіз болған ұйымдардың қызметкерлеріне қолданылып жүрген заңдар мен нормативтік актілерге сәйкес өтеусіз беріледі;

51 проценті мемлекеттің меншігіне бекітіледі және Қазақстан Республикасы Президентінің Аппараты мен Министрлер Кабинетінің келісуі бойынша өткізілуі мүмкін;

акциялардың мемлекеттік пакетінің қалған бөлігі (қоғамның жарғылық қорының 39 проценті) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес өткізіледі.

3. "Алым" акционерлік қоғамы өзінің құрылуына мүлкі негіз болған ұйымдардың материалдық, қаржылық және өзге де құқықтары мен міндеттемелерінің құқықтық мұрагері болып табылады деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті бір ай мерзімде "Алым" акционерлік қоғамын құру жөніндегі құрылтай құжаттарын қарап, бекітсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі